

Б.Ф. Есжан¹, С.Т. Төлеуханов¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы қ., Қазақстан

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ АЛМАСУДЫҢ РЕТТЕЛУІНДЕГІ СТЕРОИДТЫ ГОРМОНДАРДЫҢ РӨЛІ

Түйіндеме. Бұл мақалада анатомиялық-физиологиялық, генетикалық ерекшеліктер және энергетикалық алмасудың реттелуіндеғі стероидты гормондардың рөлі қарастырылған. Стероидты гормондардың адам ағзасынан бөлінетін және тіршілік ерекетінің кептеген үдерістеріне әсер ететін биологиялық белсенді заттар тобы екені белгілі. Бұл заттар жоғары лиофильді болғандықтан, клеткалы мембрана арқылы қанға еніп, нысана клеткаларды іздеуге шығады. Басқа кептеген жайпақ (планарлық) құрылымы бар цикличикалық құрамаларға қарағанда стероидтер олардың биологиялық белсенділігіне көдімгідей әсер ететін үш елшемді кеңістікті конфигурациямен сипатталады. Біздің бұл мақаланы жазудағы басты мақсатымыз әртүрлі зерттеулердің нәтижелері негізіндең энергетикалық алмасу процесіндеғі стероидты гормондар реплиниң маңыздылығының түсіндіру болды.

Түйінді сөздер: прогестерон, эстроген, промотор, ДНҚ, РНҚ, рецептор.

• • •

Аннотация. Данной статье рассмотрены анатомо-физиологические, генетические особенности и роль стероидных гормонов при регуляции энергетическом обмене. Известно что стероидные гормоны – это группа биологически активных веществ, продуцирующихся организмом человека и оказывающих влияние на многие процессы жизнедеятельности. Эти вещества обладают высокой лиофильностью, благодаря чему беспрепятственно проникают через клеточные мембранны в кровь и отправляются на поиски клеток-мишней. В отличие от многих других циклических соединений, имеющих плоскую (планарную) структуру, стероиды характеризуются трехмерной пространственной конфигурацией, особенности которой существенно влияют на их биологическую активность. Цель в написании обзорной статьи состояла в том, чтобы прояснить важность роли стероидных гормонов в процессе энергетического обмена на основе результатов различных исследований.

Ключевые слова: прогестерон, эстроген, промотор, ДНҚ, РНҚ, рецептор.

Abstract. This article deals with anatomical and physiological features and the role of steroid hormones in the regulation of energy metabolism. One hundred steroid hormones are known - a group of biologically active substances produced by the human body and affecting many processes of vital activity. These substances have a high degree of lyophilicity, due to which they freely penetrate through the cell membranes into the bloodstream and are sent to search for target cells. Unlike many other cyclic compounds having a planar structure, steroids are characterized by a three-dimensional spatial configuration, the features of which.

Keywords: progesterone, estrogen, promoter, DNA, RNA, receptor.

Кіріспе. Стероидты гормондар (steroid hormones) [грек тілінде: *stereos* — қатты және *eidos* — түр; *hormao* — қозғалысқа келтіремін] – адам және жануарлар агзасындағы тіршілік әрекетінің үдерістерін реттейтін физиологиялық белсенді заттар тобы (жыныс гормондары, кортикостероидтар, Д дәруменің гормональды түрі). Омыртқалыларда стероидты гормондар бүйрек үсті бездерінің қыртысынан холестериннен, атальқ жыныс бездерінің Лейдиг клеткаларынан, аналық жыныс жасушаларының сары денесі мен фоликулаларында сонымен қатар плацентада синтезделеді. Стероидты гормондар цитоплазмада бос құйінде липидті тамшылар құрамында болады. Осыған байланысты жогары липофильді қасиеттеріне байланысты стероидты гормондар плазматикалық мембранадан қанга оқай етеді содан кейін нысана клеткаларға енеді. Адам агзасында стероидты гормондардың алты түрі кездеседі. Олар: прогестерон, кортизол, альдостерон, тестостерон, эстрadiол және кальцитриол (кальцирферолдың бұрынғы атауы). Бұл қосылыстар екі көмірсу атомдарынан тұратын бүйірлік қысқа байланыстары бар немесе кейде ондай байланыссыз да кездеседі. Стероидты гормондар сигналды функция атқаратын қызметтіңе байланысты есімдіктерде де кездеседі [1].

Стероидты гормондар – барлық омыртқалылар мен кейбір омыртқасыздар агзасындағы гормональды қосылыстардың негізгі класы болып табыла отырып, кеп клеткалы агзалардың тіршілік әрекетіндегі негізгі реттеуаші қызметтің атқарады. Мысалы: есу, беліну, кебеу, бейімделу, мінез-құлық т.б.

Стероидты гормондардың нысана клеткалардагы әсері гендердің транскрипциясын реттеуге тікелей байланысты. Мұның негізі гендердегі ДНҚ-ның белгілі беліктерін сезетін, рецептор деп атала-

тын, арнайы реттеуши гормон кешениниң түзілуімен жүреді. Соңдықтан да барлық стероидты гормондардың рецепторлары – ген транскрипциясының – лиганд тәуелділері болып есептеледі. Сонымен қатар, жекелей доменді құрылым және соган сәйкес механизм оларға тән ерекшеліктердің бірі болып келеді. Олар ездерінә жақын жатқан тиреоидты гормондар рецепторларымен байланысып, стероидты/тироидты рецепторлар бірлігі болып біргеді де реттеуши белоктарядролық рецепторлар болып табылады. Стероидты гормондар бүйрекүсті бездерінде, тестикулада, жыныс бездерінде және плацентада холестериннен синтезделеді. Бірақ әрбір стероидты ендіруші әрбір ұлпаның ендіруінде езіндік сипаттық ерекшеліктері болады [2].

Бүйрек үсті бездерінә үқсас жыныс бездерінен көптеген стероидтар белінгенімен олардың кепшилігінің гормональді қабілеті бола бермейді. Бұл гормондардың түзілуі гипофиз бен гипоталамус арқылы кері байланыс ілмегі кемегімен қатаң бақыланады. Жыныс бездері ядролық механизмдер арқылы кортикостероидтар кемегімен әсер етеді.

Стероидты байланыстар суда нашар ерігенімен, органикалық ерітінділер мен есімдіктекес майларда жақсы ериді. Барлық стероидты гормондар липофильді қасиетінә орай плазматикалық липопротеидті мем branадан жақсы етеді және соган орай стеридогенді эндокринді бездермен еркін байланыса отырып, әсер ететін клеткалар ішінә емін-еркін кіре береді.

Стероидты гормон рецепторлары: әсер ету механизмдері. Прогестерон рецепторы промоутерінің езара әрекеттесуінің термодинамикалық талдауы функция изоформасын анықтаудагы молекулалық моделін көрсетеді.

Адам ағзасының прогестерон рецепторлары құрылымы жағынан әртурлі изоформада PR-A и PR-B түрінде болатыны туралы және осыған байланысты біраз мәселелер жогарыда қарастырылып, жазылған болатын. PR-B ұштарындағы протеїндері 164 қалдықтарын қоспағанда бірдей болып келеді екен. Олардың изоформаларының құрылымдық ерекшеліктерін анықтайтын арнайы механизмдерді анықтау үшін, прогестерон рецепторларының езара әрекеттесуінің термодинамикалық кесіндісі жүргізілген. Бұл талдаманың негізінде биохимиялық, дәстүрлі басқа да нәтижелер негізінде қарама-қайшы пікірлер тудырып, рецептор құрылымының моделі құрастырылды [3,4].

Статикалық модель тұргысынан жаңадан түзілген PR-A димерлері жан-жақты белсенді бола тұрып, ішкі энергетика жиілігі жогары екенін көрсетті.

Сонымен бірге PR-A-ның кеп ретті (многократным) PREs-мен байланысы кеп сәйкес келмейді. PR-B рецепторларымен басқа да салыстырмалы жұмыстар барысында байқалғандай, екі изоформада ДНҚ-га үқсас сәйкестік танытқанымен PR-B түрі ішкі жақындық пен тұрақтылықты қамтамасыз ете отырып, PR-A қаралганда әлдеқайда байланыстыру қабілетіне ие екенін көрсетеді. Бұл айтылған айырмашылықтар құрылымдық кезқарас тұргысымен салыстырғанда микроскопиялық түрі жағынан үқсастықтары әртурлі изоформалардың транскрипциялық түзетушілік белсенділіктерінің әртурлілігін анықтайды.

PR (прогестерон рецепторлары) релі. Прогестерон рецепторы басқа да стреоидты гормондар рецепторларына үқсас болып келеді. Прогестеронның холорецепторы бір молекулалы верорецептордан және екі молекулалы 90 қД құрылымынан тұрады. Әдеби деректерге сәйкес, прогестрон рецепторларының изоэлектрілік нүктелері 4.8 ден бастап 5.2-ге дейін болып келеді. Гормонның рецепторлық әрекеттесуі 7-8.5 pH көрсеткішіне тең.

Прогестерон рецепторының екі түрлі формасы анықталған. Олар: А және В түрлери. А түрі- 130 амин қышқылдарының қысқарған N -ұшының В түрінің қалдық варианты болып есептеледі. Кейір әдебиеттерде екі түрдің синтезделуі екі промотормен бақыланатын жалғыз геннің транскрипциясының альтернативтілігіне негізделген деп көрсетіледі.

Дистальды промотор В түрінің транскрипті түзілуін, ал проксимальды белігі қысқа A белімінің түзілуін реттейді. Жекелей қасиеттерімен ерекшеленгенімен де әртурлі нысананың гендерді белсендіруде екі түрлі қызмет атқарады [1,2,3]. Сонымен бірге А формасы белгілі бір жағдайларда В формасының белсенділігін арттыруға қатысады.

Прогестерон рецепторларының екі промотор гендерінің функционалды айырмашылығы А және В формаларының экспрессиясы дифференциясын тудырып, соган байланысты клетканың прогестинге сезімталдылығын тудыруы әбден мүмкін. Эстроген рецепторлары жогары стереоспецификалығымен ерекшеленеді және тек эстроген және антиэстрогендермен езара байланысқа түседі. Ал прогестерон рецептораларының бір ерекшелігі глюокортикоидтарды, синералокор-

тикоидтарды және аз да болса андорғендерді де байланыстыра алатын қасиетке ие [4,5].

Митохондриялық прогестерон рецепторының лейкомиоматозды түзілістердегі көрінісі мен митохондрия мембрана потенциалының ұлғаюымен байланысы. Жалпы прогестиндердің лейкомотозды түзілістердің есуі (фирозды ісіктер) кезіндегі релінің маңыздылығын клиникада толығымен растьайды. Бұл механизмдер барысында гендердің реттелуі арқылы прогестеронның ядролық рецепторлары қосылады деп есептейді. Аз уақыт бұрын прогестеронның митохондриялық рецепторының ұлғауы арқылы клетканың тыныс алуына қатысады анықталды. Бұл зерттеу қорытындылары нәтижесінде прогестерон/прогестин фиброзды ісіктерінің туындауды механизмінә тікелей өсерінің болуы мүмкін деп шешім шығаруға болады.

Мұндағы зерттеулердің мақсаты – PR-M көрінісін қалыпты миометрияда сол жатырда пайда болған фиброзды ісік белігімен салыстыра отырып, митохондрияның мембараналық потенциалының ұлғауы прогестинге тәуелді екенін анықтау үшін адамның миометриялық клетка линиясы мен сол вируспен зақымдалған клеткасын салыстыра отырып зерттеу.

Жұмыс барысында PR-M, PR-B, PR-A белоктарының құрамы, glyceraldehyde-3-phosphate деғидроеназа миометрияда фиброзды ісіктен алынған ыдыста қатерсіз ісіктерді зерттеуғе арналған гистерэктомия түрінде қолданылды. Митохондрияның мембараналық потенциалы флуоресцентті эмиссиясы 5,5', 6,6'-tetrachloro-1,1', 3,3'-tetraethylbenzimidazolecarbocyanide йодта HTERT-ГМ клеткаларында R 5020-де және вируспен зақымдалған HTERT-ГМ клеткаларының күрделі эфирдең қоспаларында флуоресцентті эмиссиясымен анықталды.

Аталған жұмыстың нәтижесінде PR-M митохондриялық потенциалының жоғары деңгейлері миометрияның фиброзды ісікке шалынған беліктерінде жоғары деңгейді көрсетті. HTERT-ГМ клеткаларында прогестин өсерінен митохондрияның мембараналық потенциалының жоғарылағаны көрінді.

Осыған орай, зерттеу жұмыстары нәтижесінде прогестерон/прогестин өсерінен фиброзды ісіктердің есу механизмі барысында митохондриялық белсененділіктің жоғарылауының байқалатыны қорытындыланды [6,7].

Прогестерон рецепторларының әртүрлі механизмдерін зерттеу барысында кептеген жан-жақты зерттеулер жүргізілгенін зерттеу жұмыстарының кептігінен байқауга болады. Клеткалық денгейдегі зерттеулердің де жан-жақтылығы, зерттеу жұмыстарының күрделілігі әлі де толыққанды зерттеуді талап ететінін анықтай түс肯дей. Зерттеу барысында жұмыстың кепшілігі клетканың әртүрлі линияларына және жануарлар мен адам ағзасының клеткалық, сонымен бірге қатерлі және қатерсіз есінділеріне жүргізілген.

Солардың бірі прогестеронның прогестерон рецепторлары арқылы шошқалар спермотозоиды метаболизмі мен еміршендігіне де әсер ететіні туралы мақала. Бұл мақалада прогестерон рецепторларын езге де прогестеронның лигандаларымен әрекеттестірген жагдайда репродуктивті жүйенің орталық жұмысының езгерісіне әкелетіні көрсетілген. Осы мақсатта жүргізілген жұмыс нысаны болып алынған шошқа тұқымдасы спермотозоидына Вестерн-блоттинг әдісі арқылы тәжірибе жүргізілген. Иммунофлюоресценция әдістерінің нәтижесі бойынша прогестерон спермотозоид акросомасы аймагында болып, ұрықтану процесі барысында негізгі рел атқаруы мүмкін дейді. Сонымен бірге, бұл зерттеулер прогестерон гормонының физиологиялық реттеудегі қосымша релін анықтауды қажет ететіні туралы қорытынды жасайды [8,9,10].

Прогестерон секрециясының молекулалық бақылануы. Холестерин – жогары нәмесе темен тығыздықтагы липопротеин, сонымен бірге прогестерон биосинтезінің (предшественник) қосымша белігі болып табылады. Холестерин клеткада стероидогенез нәмесе үзын тізбекті май қышқылдарымен байланыста болып, май тамшылары түрінде күрделі эфир секілді кездесуі де мүмкін. Стероидогенез процесі барысында қажет болса бос холестерин белок тасымалдаушы стерин және цитоскелетті элемент түрінде митохондрияга тасымалданады.

P450 цитохромдагы ферменттер комплексінің холестерин тізбегінің бүйірлік белімінің ыдырауы холестеринді pregnolonга айналдырады. Сол уақытта езгерген прогестерон агранулярлы эндоплазмалық торда 3β -hydroxysteroid dehydrogenase/delta5, delta4 изомеразага айналады. Холестериннің цитоплазмадан митохондриялық мембаранага дейін тасымалдануы олардың қосымшаларының қадамын және прогестерон биосинтезі жылдамдығын шектейтін фактор болып табылады.

Стероидогенді реттеуші протеин (StAR) және бензодиазепинді рецепторлардың перифериялық түрлөри (PBR) осы тасымалдауга тікелей қатысты.

StAR холестеринді цитозольда байланап, ал PBR сырттан митохондриялық мембранның ішінде қатысты тасымалдауга тікелей байланысты. StAR A (PKA) протеинкиназа фосфорлануы холестерин транспортын қамтамасыз етсе, PKC фосфорилациясы бүл процесті ингибирилейді. Endozepine PBR-дің табиги лигандасы болып табылады және сонымен бірге митохондрия мембранасының ішінде холестерин тасымалдануы деңгейінің реттелуіне және стероидогенез процесі кезіндегі PKA ынталандыру эффектісі ретінде басты рел атқарады.

Endozepine жогары концентрациясы luteal клеткаларда кептеп кездеседі және клетка түрінде байланысты прогестерон секрециясының үлгаю себептерін анықтауга мүмкіндік беріп отырады.

Флуоресценция әдістерінің энергетикалық тасымалдану жолдары StAR PBR-мен миохондриялық мембраналарда байланысатының көрсетеді.

Бұл әдістер StAR, PBR және endozepine холестериннің митохондриялық мембрана сыртынан ішінде тасымалдануына байланысты жүргізілген көрсетілген [8, 9].

Мақалада стероидты гормондар құрылымы, маңызы, әсер ету механизмі, сонымен қатар адам агазасындағы кептеген маңызды физиологиялық процестерге қатысатыны қарастырылды. Аталған гормондардың бірі прогестерон рецепторларының релі мен маңызы, клетканың энергетикалық механизмдерінің адам және жануарлар агазасында және әртүрлі типтегі клетка линияларына жүргізілген зерттеулері қарастырылып, клетканың энергетикалық механизмінде қатысты маңыздылығы әртүрлі гылыми зерттеулерге нысан бола отырып, зерттелген мақалалар мен әдеби деректерге шолу жасала отырып, қарастырылды [9, 10, 11].

Ягни, стероидты гормондар барлық омыртқалылар мен кейбір омыртқасыздар агазасындағы гормональды қосылыстардың негізгі класы бола отырып, кеп клеткалы агазалар тіршілік әрекетіндегі негізгі реттеуші қызметін атқарады. Атап айттар болсақ, есу, беліну, кебею, адаптация, мінез-құлыштың қалыптасуы тагы да басқа процестер. Сонымен қатар, стероидты гормондардың нысана клетклардагы әсері, гендердің транскрипциясын реттеуге тікелей байланысы, мұның негізі гендердегі ДНҚ-ның белгілі беліктерін сезетін рецептор деп аталатын

арнайы реттеуші гормон кешенінің түзілуімен жүретіні де қарастырылған [12, 13]. Осыған орай, стреоидты гормондар ішіндегі прогестерон рецепторларының релі мен маңыздылығы көнінен қарастырылды. Адам ағасының прогестрон рецепторлары құрылымы жағынан әртүрлі изоформада PR-A и PR-B түрінде болатыны туралы және де осыған байланысты біраз мәселелер жогарыда қарастырылды.

Митохондриялы прогестерон рецепторларының лейкомиомотозды түзілстердегі көрінісі мен митохондрия мембрана потенциалының үлгаяуымен байланысы және прогестерон секрециясының молекулалық бақылануы туралы тың деректерге сілтеме жасалынып, прогестерон рецепторларының митохондриялық мембранадагы механизмдері де қарастырылды.

Әдебиеттер

- 1 *Connaghan-Jones KD, Heneghan AF, Miura MT, Bain DL.* Thermodynamic analysis of progesterone receptor-promoter interactions reveals a molecular model for isoform-specific function. *Proc Natl Acad Sci U S A.* 2007 Feb 13;104(7):2187-92. Epub 2007 Feb 2.
- 2 *Feng Q1, Crochet JR, Dai Q, Leppert PC, Price TM.* Expression of a mitochondrial progesterone receptor (PR-M) in leiomyomata and association with increased mitochondrial membrane potential. *J Clin Endocrinol Metab.* 2014 Mar;99(3):E390-9. doi: 10.1210/jc.2013-2008. Epub 2014 Jan 13.)
- 3 *De Amicis F1, Santoro M, Guido C, Sisci D, Bruno R, Carpino A, Aquila S.* Progesterone through progesterone receptors affects survival and metabolism of pig sperm. *Anim Reprod Sci.* 2012 Nov;135(1-4):75-84. doi: 10.1016/j.anireprosci.2012.09.004. Epub 2012 Sep 23.)
- 4 *Niswender GD.* Molecular control of luteal secretion of progesterone. *Reproduction.* 2002 Mar;123(3):333-9.)
- 5 *Boonyaratanaakornkit, V. and D.P. Edwards.* Receptor mechanisms mediating non-genomic actions of sex steroids. *Semin Reprod Med,* 2007. 25(3): p. 139-53.
- 6 *Tuohimaa P, Blauer M, Pasanen S, Passinen S, Pekki A, Punnonen R, Syvälä H, Valkila J, Wallén M, Väliaho J, Zhuang YH, Ylikomi T.* Mechanisms of the action of sex steroid hormones: basic concepts and clinical correlations. *Maturitas.* 1996 May; 23 Suppl: S3-12. Review
- 7 *Michael C Velarde.* Mitochondrial and sex steroid hormone crosstalk during aging. 2014; 3: 2. Published online 2014 Feb 5. doi: 10.1186/2046-2395-3-2.

8 *Xian Liu and Haifei Shi.* Regulation of Estrogen Receptor a Expression in the Hypothalamus by Sex Steroids: Implication in the Regulation of Energy Homeostasis. Longev Healthspan. Int J Endocrinol. 2015; 2015: 949085. Published online 2015 Sep 27.

9 *Летягин В.П., Высоцкая И.В., Ким Е.А.* Факторы риска развития рака молочной железы // Маммология. — 2006. — № 4. — С. 10-12.

10 *Jin-Qiang Chen, Terry R. Brown and Jose Russo.* Regulation of Energy Metabolism Pathways by Estrogens and Estrogenic Chemicals and Potential Implications in Obesity Associated with Increased Exposure to Endocrine Disruptors. Biochim Biophys Acta. Author manuscript; available in PMC 2009 Sep 21. Published in final edited form as: Biochim Biophys Acta. 2009 Jul; 1793(7): 1128-1143.

11 *Aparna Purushotham, Qing Xu, and Xiaoling Li.* Systemic SIRT1 insufficiency results in disruption of energy homeostasis and steroid hormone metabolism upon high-fat-diet feeding. FASEB J. 2012 Feb; 26(2): 656-667.

12 *Ильин А.Б., Бескровный С.В.* Молочная железа как орган репродуктивной системы женщины // Акуш. и жен. бол. - 2000. — № 2. С. 51-52.

13 *Коколина В.Ф., Фомина М.А.* Заболевания молочных желез у девочек в период созревания репродуктивной системы// Рос.вестник акуш-гин. — 2006. — №4.— С. 17-22.

Төлеуханов С.Т., биология ғылымдарының докторы, профессор,
e-mail : sultan.tuleuhanov@kaznu.rz

Есжан Б.Ф., (PhD) 3 курс докторанты, e-mail: banu.23@mail.ru